

УДК 796:338

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БЕЙІМДІК ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ МЕН СПОРТТЫҢ ДАМУ АСПЕКТІЛЕРІ

Мауленберди Асулан Таскинбекұлы

Asulan96@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Дене шынықтыру және спорт»
мамандығының 2 курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – К.Қ.Базарбаева

Статистикаға сүйенсек жұқпалы және тұқым қуалайтын аурулар, түрлі экологиялық жағдайлар, нашакорлыққа әуес болу, мүгедектердің әлеуметтік және физикалық оңалуы дене тәрбиесі құралдары арқылы жүзеге асырылатынын көрсетеді. Әсіресе денсаулықты қалпына келтіру мәселесі, жастарды мүгедектер ортасынан қоғамдық пайдалы еңбекке тарту мақсатында дене шынықтыру құралдарын пайдалану. Осыған байланысты мүмкіндігі шектеулі жандардың арасында дене шынықтыру мен спорттың орны ерекше маңызға ие болып отыр.

Бейімдік дене шынықтыру және спорт – мүгедектерді оңалтуға және қалыпты әлеуметтік ортаға бейімдеуге, олардың толыққанды өмірді сезінуіне, кедергі келтіретін психологиялық тосқауылдарды еңсеруіне, сондай-ақ қоғамның әлеуметтік дамуына өзінің жеке үлес қосуының қажеттігін сезінуіне бағытталған спорттық-сауықтыру сипатындағы шаралар кешені [2]. Сондай-ақ кейбір өмірлік қажетті қозғалыс дағдыларын қалпына келтіруге ықпал ететін ағзадағы оң өзгерістерді ынталандыру болып табылады.

Әлемде мүмкіндігі шектеулі жандардың арасында түрлі жарыстар өткізілуде, "Eurosport" еуропалық және бүкіләлемдік көзі көрмейтіндердің ойындары, Дүниежүзілік параплегиктердің спорттық ойындары, Дүниежүзілік ампутанттардың спорттық ойындары өткізіледі. Осындай жарыстарда мүгедек спортшылар тіпті марафондық қашықтықты да бағындырған болатын.

Кез келген мемлекет үшін, мүгедек азаматтардың денсаулығы, қозғалыс мүмкіндігі шектеулі адамдардың бейімделуі проблемасының шешімін табу басты мәселе болып табылады.

Мысалы, Ресей Федерациясында "Білім туралы" Заңы білім беру мекемелерінің жұмыс тәжірибесіне дене тәрбиесін қоса алғанда, толыққанды тұлғаны дамытып, қалыптастыру үшін әрбір баланың жасына сай жағдайларды уақтылы қамтамасыз етуге бағытталған шаралар кешенін енгізу мәселесін бірінші кезекке қойды. Бұл мәселені шешу, ерекше әлеуметтік және педагогикалық мәнге ие болып отыр.

Бейімдік дене шынықтыру әдістемесі баланың дене және психикалық саласының ауытқуымен байланысты елеулі айырмашылықтарға ие.

Әр түрлі нозологиялық топтағы балалардың медициналық-физиологиялық және психологиялық ерекшеліктеріне қатысты номинациялар, балалардың категориясымен жұмыстың арнайы-әдістемелік принциптері, педагогикалық үдерістің түзету бағыты бейімдеу дене тәрбиелеудің жеке әдістемелерін құру мен ұстауға концептуалды тәсілдерді анықтайды.

Ресейде "Бейімдік дене шынықтыру" мамандығы бойынша жоғары кәсіби білім берудің мемлекеттік стандарты бекітілген.

Ресей Федерациясында бейімдік дене шынықтыру бойынша мамандарды оқыту "Денсаулық жағдайында ауытқулары бар тұлғаларға арналған дене шынықтыру (Бейімдік дене шынықтыру)" мамандығы бойынша екінші буынның мемлекеттік білім беру стандарты негізінде жүргізіледі. Бейімдік дене шынықтырудың маманы денсаулық жағдайында ауытқуы бар адамдармен, сондай-ақ дамуында кемістігі бар барлық санаттағы адамдармен жұмыс істеуге және спорттық-педагогикалық, рекреациялық және сауықтыру-оңалту, кәсіби қызметтің түзеу, ғылыми-әдістемелік ұйымдастыру-басқару түрлерін жүзеге асыруға құқылы.

Сонымен қатар, "Бейімдік дене шынықтыру", "Денсаулық жағдайында ауытқулары бар тұлғаларға арналған дене шынықтыру" (Бейімделген дене шынықтыру) мамандықтары бойынша орта және жоғары кәсіби білім берудің федералды мемлекеттік білім беру стандарттары бекітілді.

Қазіргі таңда Қазақстанның мемлекеттік білім беру саясатының басты міндеттерінің бірі барлық балалардың жасына, денсаулық жағдайына қарамастан инклюзивті білім беруді дамыту арқылы сапалы білім алуға қол жеткізу болып табылады.

Соңғы жылдары Қазақстанда мүгедектер саны азаймай отыр, атап айтқанда қан айналымы жүйесінің аурулары, онкологиялық аурулар мен түрлі жарақаттар, аталған фактінің негізгі себептері болып табылады.

Қазақстанда бала мүгедектігі де азаймай отыр, себебі туа біткен ауытқулар, жүйке жүйесінің аурулары және психикалық бұзылу сияқты аурулар жиі орын алуда. Республикада даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқытуға арналған арнайы білім беру ұйымдарының желісі жұмыс жасай бастады.

Оңалту орталықтары, логопедтік пункттер жұмыс жасауда. Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнайы балабақшалар жұмыс істеуде. Жалпы білім беретін мектептерде ашылған арнайы (түзету) сыныптарында және арнайы түзету мектептерінде мектеп жасындағы балалар аурудың негізгі сегіз түрі мен типтері бойынша білім алуды. Есту қабілеті бұзылған, тірек-қимыл аппараты бұзылған, сөйлеу қабілеті бұзылған және психикалық дамуы тежелген балаларды оқыту жалпы білім беретін мектептерге арналған оқулықтар бойынша жүзеге асырылады. Нашар көретін оқушылар ірілендірілген шрифті бар оқулықтар бойынша, көзі көрмейтін оқушылар Брайль шрифтінің көмегімен жазылған оқулықтар бойынша білім алуда.

Мүгедек балаларды интернетке қосылған компьютерлік техникамен қамтамасыз ету іс-шаралары жүзеге асырылуда. Тірек-қимыл аппараты бұзылған балалар үшін жеке қозғалу құралдарымен қатар бүгінде арнайы пернетақта мен манипуляторлар, есту қабілеті бұзылған балалар үшін – жеке есту аппараттары, көзі көрмейтін тифлотехникалық құралдар сатып алынуда.

Арнайы білім беру мекемелері мүмкіндігі шектеулі балалардың танымдық дамуын ынталандыратын мультимедиялық білім беру жүйелерімен жабдықталған, интерактивті тақталар орнатылған.

ТжКБ және жоғары білім беру жүйесінде қабылдау квотасы белгіленген, оларды еркін жіберу үшін жағдайлар жасалған, оқуға арналған арнайы құралдар пайдаланылады. Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде, мүмкіндігі шектеулі жандардың халықты жұмыспен қамту шараларына басым тәртіппен қатысуға

құқығы бар. Яғни, мүмкіндігі шектеулі жандар қоғамның барлық мүшелерімен тең дәрежеде белсенді еңбекпен айналысуға құқылы.

Мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру бойынша жұмыс берушілерді ынталандыру мақсатында 2018 жылдан бастап мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орнын жабдықтауға байланысты жұмыс берушілердің шығындарын субсидиялау енгізілді. Бұл мақсатқа республикалық бюджеттен жыл сайын жеткілікті қаражат бөлінеді. Қазақстанда мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2019-2023 жылдарға арналған ұлттық жоспар әзірлеу жоспарлануда. Онда мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын сақтау және қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға бағытталған нысаналы индикаторлар көрсетілген жеті басым бағыт болады.

Бейімдік дене шынықтырудың ықпал етуінің басты бағыттарының бірі адам ағзасына және тұлғасына әсер ету, және өмірлік маңызды қозғалыс дағдыларын қалыптастыру болып табылатыны белгілі. Денсаулығында ауытқулары бар адамның обілім алып, жұмыс істей алуы, өзін қоғамның тең мүшесі ретінде сезінуі үшін бейімдік дене шынықтырудың рөлі зор. Бейімдік спорттың гуманистік бағыттағы рөлі өлшеусіз. Ол тағдыры ерекше адамдарға қоғамға оралуға мүмкіндік береді.

1991 жылы Қазақстанда мүгедектердің дене шынықтыру және спорт қауымдастығы құрылды. Қауымдастықтың негізгі бағыты мүмкіндігі шектеулі жандардың арасында спортты дамыту, халықаралық аренада қорғау Қазақстанның мүддесін. Сондай-ақ Қазақстанның соқыр спортшыларының одағы мен саңыраулар спорттық одағы құрылды, өз кезегінде аталған ұйымдар түрлі деңгейдегі жарыстарды ұйымдастырып өткізуде.

Мүгедектердің республикалық спартакиадасы өткізілді, халықаралық жарыстарда ТМД чемпионы, Азияның екі дүркін чемпионы болған және Атланта қаласында өткен Паралимпиадалық ойындарда 8-ші орын алған отырып ойнайтын волейболдан Қазақстан құрама командасы сәтті өнер көрсетті. Мүгедектер арасында дене шынықтыру мен спорттың дамуына Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі үлкен көңіл бөлуде.

Оларға ел чемпионаттарын, республикалық спартакиадаларды, барлық санаттағы мүгедектер арасында паралимпиадалық ойындарды өткізуге қаржылай қолдау көрсетілуде. Сондай-ақ мүгедектер спорты бойынша Қазақстан құрама командаларының халықаралық жарыстарға қатысуына көмек және қолдау көрсетілуде.

Жыл сайын Қазақстанда барлық санаттағы мүгедектер арасында түрлі спорт түрлерінен ел чемпионаттары, мүгедек спортшылардың республикалық Спартакиадасы мен Паралимпиадалық ойындары өткізіледі.

Мүгедектер арасында дене шынықтыру мен спортты танымал ету; мүгедектер арасында Паралимпиадалық және ұлттық спорт түрлерін дамыту мақсатында Қазақстанның Паралимпиадалық комитеті құрылды, ол елдің спорт ұйымдарының үйлестіруші органы болып табылады және халықаралық аренада Қазақстанның мүгедек спортшыларының мүдделерін қорғайды. Бүгінде республикада мүгедектер спортының спорт клубтары, мамандандырылған спорт мектептері жұмыс істейді [5].

Қазақстан жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін үлкен әлеуетке ие елдердің қатарында. Бірақ паралимпиадалық спорт түрлерін дамыту үшін қажетті жағдайлар жасалып жатыр ма? Жағдайлар деп арнайы жаттықтырушыларды даярлау, арнайы жабдықтарды сатып алу, спорт залдарында жағдай жасауды айтып отырмыз.

«ҚР кейбір заңнамалық актілеріне дене шынықтыру және спорт мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң аясында Қазақстанда "мүгедек спортшы" және "паралимпиадалық қозғалыс" ұғымдарының анықтамасы талқыланды [6].

Мүгедектер мен денсаулық жағдайында ауытқулары бар тұлғалардың белсенді демалысын ұйымдастыру, оларды басқа қызмет түріне ауыстыру, қозғалыс белсенділігінен рахат алу және т. б. үшін дене жаттығуларын пайдаланудың ең тиімді жолдары зерттелуде. Сонымен қатар, бейімделген дене тәрбиесінің негізгі түрлерінің мазмұны мен міндеттері бейімделу дене тәрбиесінің мүмкіндіктерінің, құралдары мен әдістерінің әлеуетін ашады,

олардың әрқайсысы ерекше бағыттылығына ие бола отырып, мүгедектің өміршеңдігін барынша арттыруға ғана емес, сонымен қатар жеке тұлғаның жан-жақты дамуына да ықпал етеді [4].

Қорыта келсек, бар кедергілерді еңсеру үшін және мүмкіндіктері шектеулі адамдардың құқықтарын толық іске асыру, құқықтар мен мүмкіндіктер теңдігін, әлеуметтік өмірдің барлық салаларында қолжетімді ортаны, денсаулықты қорғау, білім беру, әлеуметтік қорғау, демалыс, құқықтар мен мүмкіндіктер теңдігін қамтамасыз ету үшін күш-жігерді біріктіру қажет.

Мүмкіндігі шектеулі адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту әлеуметтік бейімделу және қоғамдық өмірге кіріктіру тетіктерін жетілдіруді талап етеді. Бұл бағыттағы басты бағыт мүгедектердің қоғамдық өмірге "тең және кедергісіз қол жеткізуі" қағидатын енгізу, сондай-ақ олардың экономикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1.Евсеев С.П., Шапкова Л.В., Адаптивная физическая культура: Учебное пособие. — М.: Советский спорт, 2000
- 2.Қазақстан Республикасының Дене шынықтыру және спорт туралы Заңы 2014 жылғы 3 шілдедегі № 228-V ҚРЗ
- 3.Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт туралы» заңы
- 4.Фильчаков С.А., Чернышева И.В., Шлемова М.В., Егорычева Е.В. Адаптивная физическая культура в жизни инвалидов // Международный журнал экспериментального образования. – 2014. – № 7-2. – С. 87-87.
- 5.<https://inbusiness.kz>
- 6.<http://sport.gov.kz>